



Туризмді технология түлетеді

Елдің туристік келбеті ендігіде көз тартар көрікті мекендер мен ұлттық нақыш қана емес, жасанды интеллектпен жаракталған, BigData-мен сөйлейтін, әлемдік нарықта өзін цифрлық қабілетін шындай түсіп көркейе түспек. Президент Қасым-Жомарт Тоқаевтың биылғы халыққа Жолдауында айтылғандай, цифрлық туризм сән емес, стратегиялық қажеттілік. QR-кодтармен жабдықталған сапаржай, сегіз тілде қызмет ететін веб-порталдар, нейрондық желілермен құрылған маршруттар, міне, отандық туризмнің бет-бейнесі осындай болмақ.



ның басшысы Ирина Любарская.

Еліміз цифрлы туризм бағытында нақты әрі батыл қадамдар жасап жатыр. Алғы кезекте Kazakhstan.travel туристік порталына мән бере кетсек, сегіз тілде жұмыс істейтін оңтайлы онлайн-платформа шетелдік және отандық саяхатшылар үшін туристік әлеуетті толыққанды әрі көрнекі түрде ұсынады. Бір ғана сайт арқылы көрікті жерлер, түрлі бағыттар, қызметтер мен оқиғалар туралы ақпарат алу мүмкіндігі – бұрын-соңды болмаған қуанышты жаңалық. Ал, туристік ағынды нақты әрі ашық есепке алуға септік ететін eQonaq жүйесі – саладағы сапаның нышанындай әсер қалдырады. Қонақтарды тіркеу ісі ендігіде қағазбастылықтан арылып, сандық платформа арқылы жүргізіледі.

Одан бөлек, аймақтық туристік чат-боттар – жасанды интеллект негізінде WhatsApp-та тәулік бойы жұмыс істейді. Қайда бару керек? Қайда тоқтаған тиімді? Қайда тамақтануға болады? Бәрі – бір сұрақ, бір жауап, бір сәтте жол жөнекей жүзеге аса береді.

Бір жарқын мысал. Қарағандыда туристерге арналған qazeli.kz қосымшасы іске қосылды. Соны сандық сервис қонақүйлер мен демалыс орындарын брондауды, экскурсия жетекшілері мен туристік агенттіктердің ұсыныстарын біріктіреді. Барлығы ыңғайлы әрі ашық: бір батырмамен маршрутты тандап, баспана не қажетті экскурсияға тапсырыс беруге, өңірдегі туристік нысандар туралы шынайы да нақты ақпарат алуға болады. IT-жобаның бастамашылары бірнеше жыл бұрын облыс әкімінің грантын иеленген.

– Біз Қазақстандағы туризмді

бір батырмамен қолжетімді ететін платформаны құруға кірістік. Жүйе қолдануға жеңіл, бронь жасауға ыңғайлы және төлем жасауға қауіпсіз. Ең бастысы, пайдаланушылар да, турагенттер де нақты ақпарат алады. Демек, қазақстандықтардың саяхаттан ләззат алуына жағдай жасайды, – деді «R-TOUR.KZ» ЖШС директоры Рустам Бикбаев.

Оның айтуынша, қосымшаны әзірлеуде жасанды интеллект қолданылып, 50-ден астам халықаралық туристік сайт сарапталған. Түп нәтижесінде отбасылық сапарларға ең тиімді шешімдерді таңдауға мейлінше мүмкіндік берген.

– Көпшілігі бронь жасау кезінде балалардың тұру ақысы дұрыс есептелмеу секілді мәселеге тап болады. Біз үш жас санатын енгізіп, бағаны төмендетуге және нөмірлердің нақты жүктемесін ескеруге жағдай жасадық. Мұндай теңгерімді тәсіл пайдаланушылар үшін тиімді әрі «2+2» жаңа сегментін ашады да, мұнда балалар үшін қайта есеп жүргізіледі, – деп түсіндірді спикер.

Қызмет арқылы Балқаш пен Қарқаралы сияқты өңірдің бірегей туристік бағыттары мен кластерлері ілгерілетілмек. Бүгін біз Kazakhstan.travel-ден бастап, qazeli.kz сынды отандық өнімдер арқылы жаңа дәуірдің есігін ашып отырмыз. Жасанды интеллект жолаушының жолсерігіне, деректер шешімінің дінгегіне айналды. eQonaq – елге келген әр мейманды құрметпен қарсы алар электронды иелік. Турист ендігіде бөгде бір бейтаныс кісі емес, ортақ кеңістіктің қадірлі қонағы. Ал, әрбір QR-код киелі мекеннің көркем шежіресіне бастар кілт іспетті. Түлеген туризм енді демалыс қана емес, деғдар дипломатия, даму, дархан даланың цифрлық дастаны.

• ЖАҒЫМДЫ жаңалық

Жолаушыларға жаңа қызмет

«Жезказған-Қарағанды» бағытындағы автожолдың Қызылжар ауылы тұсында жаңа санитарлық-гигиеналық торап пайдалануға берілді. Нысан жеке инвестиция есебінен салынған. Ол Жезказғаннан Қарағандыға қарай бағыттағы жолдың оң жағында орналасқан деп хабарлады «ҚазАвтоЖол» ҰК» АҚ баспасөз қызметі.

Компанияның мәліметінше, заманауи ғимараттың жалпы аумағы 191 шаршы метр. Ішінде жолаушылардың ыңғайлы демалысына арналған барлық жағдай жасалған. Атап айтқанда, ерлер мен әйелдерге арналған кабиналар, мүмкіндігі шектеулі азаматтарға арналған бөлек орындар, душ бөлмесі, намазхана, ана мен балаға арналған бөлме, сондай-ақ, сауда аймағы мен қызметкерлерге арналған бөлме бар.

Айта кетейік, биылдан бастап «ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы республикалық маңызы бар тасжолдарда осындай кешендер салу бағдарламасын іске асырып жатыр. Бұл бастама жол бойындағы сервисті жаңа деңгейге көтеруді, ал, ұзақ сапарларды жүргізушілер мен жолаушылар үшін анағұрлым қауіпсіз әрі жайлы етуді көздейді.

Мамандардың айтуынша, мұндай санитарлық-гигиеналық тораптар алдағы уақытта өңірдің өзге де бағыттарында салынбақ. Бұл – ел ішіндегі туризмді және автокөлік қатынасының мәдениетін дамытуға бағытталған нақты қадамдардың бірі. Жол бойында көрсетілетін қызметтің сапасы артқан сайын, өңір экономикасына да оң әсер ететіні анық.

Өз тілшімізден

Жасанды интеллект «Жолға шықты»


Президент Қасым-Жомарт Тоқаев биылғы Қазақстан халқына Жолдауында елдегі көлік инфрақұрылымын жаңғыртып, жол қозғалысы қауіпсіздігін арттыруды басты міндеттердің бірі ретінде атады. Мемлекет басшысы: «Жыл басынан бері 22 мыңнан астам жол-көлік оқиғасы тіркелген. Шын мәнінде, көп нәрсе көлік жүргізушілерінің өзіне байланысты, себебі жол ережесін бұзатындар аз емес. Әр адам өзі мен қоғамдағы адамдардың қауіпсіздігі үшін жауапкершілікті сезінуі керек» дей келе, апаттар санын азайту үшін ақылды технологияларды енгізу, жол ережелерін сақтау мәдениетін көтеру, сонымен қатар, құқық бұзушылықтарға қарсы жүйелі шаралар қабылдау қажеттігін мұқият тапсырды.

Жәлел ШАЛҚАР,
«Ortalyq Qazaqstan»

Интеллектуалды көлік жүйесі

Осы тапсырмалар аясында кеншілер өлкесінде бірқатар ауқымды жобалар жүзеге асуда. Атап айтсақ, интеллектуалды көлік жүйесі іске қосылып, бағдарламалар жасанды интеллект арқылы басқарылады. Одан бөлек, «Астана-Теміртау» тасжолында инновациялық лазерлік ескерту жүйесі сынақтан өтіп жатыр. Сонымен бірге, облыста «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы арқылы жол тәртібін бұзушылармен күрес күшейтілуде. Бұл бастамалар – Президент белгілеп берген ұлттық басымдықтарға сай, адам өмірін қорғауға бағытталған жүйелі қадам.

Қарағанды қаласында бірнеше жыл бұрын қолға алынған интеллектуалды көлік жүйесі (ИКЖ) толық іске қосылды.



Енді шаһардағы 206 бағдаршам бірінғай орталықтан, нақты уақыт режимінде, жасанды ин-

теллект арқылы басқарылады. Бұл жүйе жол қозғалысын ба-рынша тиімді үйлестіруге мүм-

Оспановтың айтуынша, бұл – әлемдік деңгейде қолданылып жатқан заманауи шешім. ➤ 3-бет



кіндік беретінін атап айту керек.

Қарағанды қаласы тұрғын үй-коммуналдық шаруашылығы, жолаушылар көлігі және автомобиль жолдары бөлімі жолаушылар көлігі секторының бас маманы Дастан

ҚҰРМЕТТІ ОҚЫРМАН!

Облыстық «Ortalyq Qazaqstan» газетіне 2026 жылға жазылу басталды. Газетке жазылуды «Қазпошта» АҚ пошта байланысының барлық бөлімшелерінде, сондай-ақ, Еркемов көшесі, 33 үй, 8-қабат мекенжайы бойынша редакцияда ресімдей аласыздар

Газетке 6 айға және 1 жылға жазылуға болады

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 14 500	6 ай 13 770,14 12 ай 27 540,28	10 141,30 20 282,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 6000	6 ай 6 141,30 12 ай 12 282,60	5 891,30 11 782,60

Жеңілдікті тарифтер 25 қазаннан 25 қарашаға дейін (жылдық жазылым)

Санаттар	Жеткізусіз (теңге)	«Қазпошта» АҚ Қала (теңге)	«Қазпошта» АҚ Аудан/ауыл (теңге)
Кәсіпорындар мен ұйымдар үшін	12 айға 10 500	23 540,28	15 782,60
Жеке жазылулар үшін	12 айға 4 800	11 082,60	10 682,60

НАЗАР АУДАРЫҢЫЗ!

«Ortalyq Qazaqstan» газеті редакциясында баспа бағасы бойынша (жеткізу қызметтерінің құнынсыз) балама жазылу жүргізіледі.



Анықтама телефоны:

41-26-85, 8-702-638-56-85, 8-705-902-04-05.



E-mail: ot.del.pochtovyy@bk.ru

• ФОРУМ

Білік пен бизнес синтезі

Қарағандыда бизнестің өзекті мәселелері мен даму болашағы талқыланды. Облыс кәсіпкерлерінің басын қосқан маңызды алаң – «AMANAT» партиясының Қарағанды облыстық филиалы базасында өткен «Шағын және орта бизнесті дамыту: сын-көтерлер, мүмкіндіктер, қолдау» атты кәсіпкерлер форумы.



Ерканат КЕҢЕСБЕКҰЛЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Іскерлік қауымдастық пен жергілікті атқарушы билік өкілдерінің тікелей диалогына негізделген іс-шарада бизнесті мемлекеттік қолдау тетіктері, саладағы өзекті түйткілдер мен оны шешудің тиімді жолдары жан-жақты сараланды. Форум өңірдегі шағын және орта кәсіпкерліктің қазіргі ахуалын бағамдап, алдағы даму бағытын айқындау мақсатында ұйымдастырылды.

Келелі кездесуге қатысушылар кәсіпкерлік саласындағы өзекті мәселелерді ашық талқылап, нақты ұсыныстарын ортаға салды. Іс-шараның модераторы – «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков форумның басты мақсаты – кәсіпкерлер мен жергілікті атқарушы органдар арасындағы байланыс тиімділігін арттыру екенін атап өтті. Жиын барысында шағын және орта бизнесті жүйелі дамыту, мемлекеттік және мемлекеттік емес қолдау құралдарын жетілдіру, өкімшілік кедергілерді азайту, сонымен қатар, нарық талабына сай білікті мамандар даярлау мәселелері кеңінен сөз болды. Кәсіпкерлердің нақты ұсыныстары мен маңызды мәселелері тыңдалып, туындаған түйткілдерді оңтайлы шешудің жолдары қоса пысықталды.

Форум бағдарламасына практикалық бағыттағы шеберлік сабақтары, еркін форматтағы «сұрақ-жауап» сессиясы және негізгі мәселелерді қамтыған пленарлық отырыс енгізілді. Форум барысында облыс әкімінің орынбасары Ермек Алпысов сөз алып, шағын және орта бизнестің өңір экономикасындағы жетекші ролін атап өтті. Спикердің айтуынша, кәсіпкерлік саласын дамыту тек экономикалық өсімнің емес, әлеуметтік тұрақтылық пен өңірлік бәсекеге қабілеттіліктің де басты факторы. Ермек Алпысов қолайлы бизнес-орта қалыптастыру, заманауи инфрақұрылымды дамыту және кәсіпкерлерге қолжетімді әрі тиімді құралдар ұсыну бағытында кешенді әрі жүйелі жұмыс жүргізудің маңызына ерекше тоқталды.

Қарағанды облысы кәсіпкерлер палатасының директоры Ернар Күлпейсов палата қызметінің нәтижелері мен қолдау шаралары туралы баяндады.

– Өңірде кәсіпкерлердің бірқатар

өзекті мәселесі шешілді. Оларды қолдау мен құқығын қорғау жұмыстары күн сайын жүргізілуде. Бизнес субъектілерінің құқығы мен заңды мүддесін қорғау – палата жұмысының негізгі бағытының бірі. Біз мемлекеттік органдармен, партиямен және кәсіпкерлермен бірлесе жұмыс істейміз, – деді Ернар Дауылұлы.

Өз кезегінде «AMANAT» партиясы Қарағанды облыстық филиалының төрағасы Бекзат Алтынбеков партияның кәсіпкерлікті қолдауды стратегиялық басымдық ретінде қарастыратынын баса белгіледі. Оның айтуынша, шағын және орта бизнес – өңірдің әлеуметтік-экономикалық дамуының негізгі қозғаушы күші әрі жаңа жұмыс орындарын құрудың тиімді тетігі. «Сұрақ-жауап» сессиясы барысында қатысушылар билік және партия өкілдеріне тікелей сауалдарын жолдап, салық салу жүйесі, мемлекеттік қолдау шаралары, жеңілдетілген бағдарламаларға қатысу шарттары жөнінде нақты ақпарат алды. Форумның іскерлік бағдарламасы жергілікті тауарлар мен қызметтердің көрмесіне ұласты. Кәсіпкерлер өз өнімдерін ұсынып, бизнес әлеуетін таныстырды. Көрме отандық өндірушілер мен тұтынушылар арасындағы байланысты нығайтып, жергілікті кәсіпкерліктің даму деңгейін айқын көрсетті.

Кездесу қорытындысы бойынша кәсіпкерлік мәселелері жөнінде ұсыныстарды қарастыратын және шешімдер қабылдайтын «AMANAT» партиясы жанынан Бірыңғай үйлестіру кеңесінің құрылатыны жөнінде жарияланды. Облыс орталығында өткен кәсіпкерлер форумы тәжірибе алмасу мен мәселелерді ортаға салу алаңы ғана емес, сонымен бірге, білік пен бірлікті, сенім мен серіктестікті ту еткен мазмұнды диалог алаңы болды. Мұнда көтерілген әрбір мәселе, айтылған әрбір ұсыныс өңір кәсіпкерлігінің болашағына салынған берік көпір сынды сезілді. Бизнес өкілдері мен билік арасындағы ашық әрі сындарлы сұхбат түспіз мүмкіндіктерге жол ашып, ортақ мақсат жолында жұмыла жұмыс істеудің маңызын тағы бір дәлелдеді. Форум барысында айтылған бастамалар мен жоспарлардың жүзеге асуы шағын және орта бизнесті жаңа сатыға көтеріп, өңірдің әлеуметтік-экономикалық әлеуетін арттыратыны сөзсіз.

Сурет atameken.kz сайтынан

Бірліктің биік белесі

Достық үйінде Қазақстан халқы Ассамблеясының 30 жылдығы мен «PONTOS» грек мәдени орталығының 30 жылдығына арналған республикалық дөңгелек үстел отырысы өтті. Ел бірлігі мен мәдениетін айшықтаған айтулы жиынға еліміздің әр өңірінен келген этномәдени бірлестіктердің жетекшілері, Ассамблея мүшелері, ардагерлер мен жастар қатысты.

Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Құрметті қонақтар қатарында Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары, ҚР Президенті Әкімшілігі ҚХА Хатшылығының меңгерушісі Марат Әзілханов, Грекия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және өкілетті Елшісі Эфталия Какиопуло, «Филия» Қазақстан грек қоғамдары қауымдастығының төрағасы Иван Георгиади, «Qarmet» АҚ бас директоры Вадим Басин, сондай-ақ, «PONTOS» орталығының төрағасы Деспина Касапиди болды. Салтанатты жиынды облыс әкімінің орынбасары Әлібек Әлденей тізгіндеді.

– Әрбір халықтың мәдениеті – елдің рухани байлығын толықтыратын құндылық. Ассамблея 30 жыл ішінде бейбітшілік пен татулықтың символына айнала білді. Еліміздегі этностар достығы – өзара құрмет пен келісімнің айқын көрінісі. Тұрақтылық пен татулық – ел ертеңінің басты кепілі, – деді ол.

Қазақстан халқы Ассамблеясы төрағасының орынбасары Марат Әзілханов өз құттықтауында Ассамблеяның қоғам өміріндегі рөліне және грек орталығының ел да-



муына қосқан үлесіне ерекше тоқталып өтті.

– Биылғы мерейтойлар тек біздің ұлтымыз үшін емес, елімізде тұратын барлық этностар үшін де айрықша мәнге ие. Отыз жыл ішінде ордалы орталыққа айналған Қазақстан халқы Ассамблеясының бүгінде зор мәртебеге ие болып отырғаны – барша өкілдіктің ортақ жемісі. Тәуелсіздіктің алғашқы күндерінен бастап «PONTOS» орталығы да елдің даму жолында белсенді еңбек етіп келеді, – деді ол.

Жиын барысында әр этнобірлестіктің жетекшілері сөз алып, орамды ойларын ортаға салды. Грекия Республикасының Қазақстандағы Төтенше және Өкілетті елшісі Эфталия Какиопуло екі ел арасындағы ынтымақтастық жөнінде кеңінен тоқталды. – Біз тілімізді, дәстүрімізді сақтап, оны ұрпаққа жеткізе алдық. Сонымен қатар, басқа этностармен бірге ортақ мәдени кеңістікті байытып келеміз. Алдағы уақытта да мәдениет, білім, жастар бастамалары

және халықаралық әріптестік бағытында жаңа жобаларды іске асырамыз. «PONTOS» орталығының 30 жылдық мерейтойы – жаңа белестердің бастауы, – деді ол.

Іс-шара соңында этномәдени орталықтардың белсенді мүшелері мен қоғам қайраткерлеріне ҚХА мен облыс әкімдігі атынан Алғыс хаттар мен Құрмет грамоталары табысталды.

Суретті түсірген Жангелді ӘБДІҒАЛЫМ

Орасан игіліктің отыз жылы

Теміртау қаласының Мәдениет сарайында Қазақстан халқы Ассамблеясы мен осы қалада алғаш құрылған «PONTOS» грек этномәдени орталығының 30 жылдық мерейтойы салтанатты түрде атап өтілді.



Ержан ИМАШ, «Ortalyq Qazaqstan»

Адамзат тарихына Александр Македонский, Аристотель, Гомер сияқты ұлы тұлғаларды берген ежелгі өркениеттің өкілдері грек халқының ұл-қыздары басында Қазақстанға Кеңес өкіметінің 20-шы жылдары темекі өсіруші мамандар ретінде келсе, қалғандары сталиндік қуғын-сүргіннің 30-жылдары Оңтүстік Кавказ бен Ресейден күштеп қоныс аударылған болатын. Қазірде көпшілігі елімізден тарихи отандары мен Ресейге оралса, Қазақстанда тұрып жатқан 13 мыңнан

астам гректің басым бөлігі облысымыздың Осакаровка ауданы мен Теміртау қаласында орналасып, Қазақстан олардың екінші Отанына айналып отыр. Қазақстан халқы Ассамблеясы құрылған 1995 жылы елімізде тұнғыш ұйымдастырылған ұлттық этномәдени бірлестіктердің бірі Теміртаудағы «PONTOS» этномәдени орталығы еді. Содан бергі уақытта теміртаулық гректер өз ана тілдерін үйреніп, «Аникси» ән-би ансамблін құрып, балаларын тарихи Отаны Грецияға саяхаттатып, қаланың қоғамдық өміріне белсене араласып келеді. Қос мерейтой қатар аталып өткен сал-

танатта Теміртау қаласының әкімі Ғалым Әшімов осындағы «PONTOS» этномәдени орталығының төрағасы Деспина Касапидиге Құттықтау хатын жасап етіп, қалалық мәслихаттың төрағасы Алексей Ломакин мен белгілі грек меценаты, Қазақстан гректері қауымдастығының төрағасы Иван Георгиади мерекемен құттықтаған тілектерін айтты.

Бұдан кейін басталған мерекелік бағдарламаның басында «PONTOS»-тың 30 жылдық тарихы туралы фильм көрсетіліп, көбінесе грек халқының әндері шырқалып, билері биленді.

Концертте аталған орталықтың «Аникси» ән-би, теміртаулық «Вдохновение», «Гюзель» би, «Жауыртау сазы» фольклорлық ансамбльдері ғана өнер көрсетіп қоймай, осы мерейтойға Алматы облысынан арнайы келген «Элевтерия» және павлодарлық «АнагЕнисси» ансамбльдерінің өнерпаздары да мерекеге жиналған жұртшылықты ән-күйге бөледі. Сондай-ақ, облысымыздағы чешен-ингуштердің «Вайнах», поляктардың «Полония», немістердің «Видергебурт» этномәдени бірлестіктерінің әнші, бишілері де өнерлерімен елді тәтті етті.

Мерекелік концерт оған қатысушылардың «Қазақстаным» әнін қосыла шырқауымен аяқталып, елімізді мекендеген барша ұлттар мен ұлыстарының бір шаңырақ астындағы тату-тәтті тірлігі мен мызғымас бірлігін тағы да дәлелдей түсті.

ТЕМІРТАУ

Суретті түсірген автор

• ДӨҢГЕЛЕК ҮСТЕЛ

Ұлттық паркті сақтауға ұтымды кадам

Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркі – еліміздегі ең көрікті әрі биологиялық әртүрлілігі бай мекен. Орман-тоғайы мен тау сілемдері, сирек кездесетін жануарлар мен өсімдіктер дүниесі сақталған бұл аймақты келешек ұрпаққа аман жеткізу – ортақ міндет. Осы орайда Қарағанды қаласында «Қарқаралы мемлекеттік ұлттық табиғи паркінің тұрақты дамуы: мемлекет, бизнес және қоғам серіктестігі» тақырыбында дөңгелек үстел өтіп, ұлттық парктің болашағына қатысты маңызды мәселелер талқыланды. Шара Қарқаралы МҮТН БҰҰ Даму бағдарламасының қолдауымен ұйымдастырылды.

Жәлел ШАЛҚАР, «Ortalyq Qazaqstan»

Дөңгелек үстел барысында табиғатты қорғау, орман шаруашылығын дамыту, экотуризм мен жергілікті қауымдастықтардың әл-ауқатын арттыру мәселелері сөз болды. Қатысушылар ұлттық паркті сақтап қалудың нақты жолдарын ұсынды.

Қарқаралы ұлттық паркінің директоры Руслан Төлепбаев шараны ашып, бұл ерекше қорғалатын табиғи аумақтың еліміз үшін маңызын атап өтті. Оның ай-

туынша, парк 1998 жылы құрылған және қазіргі таңда жалпы көлемі 112 мың гектардан асады.

– Оның 53 мың гектардан астамы орманмен көмкерілген. Мұнда 700-ден астам өсімдік түрі өседі, олардың бесеуі – Қызыл кітапқа енген. Сонымен қатар, 46 түрлі сүтқоректі жануар мен 234 құс түрі мекендейді. Қарқаралы ұлттық паркі – Қазақстанның мәдени мұрасының ажырамас бөлігі. Оны сақтап қалу үшін мемлекет, бизнес және қоғам күш біріктіріп жұмыс істеуі қажет, – деп атап өтті Руслан Төлепбаев.

Дерекке сүйенсек, парк аумағындағы инфрақұрылымды жақсарту мен орман өрттерінің алдын алу мақсатында 2025 жылы бюджет пен экологиялық төлемдер есебінен сәрт модульді өрт сөндіру станциясын салуға 160 миллион теңгеден астам қаржы бөлінген.

Одан бөлек, парк 500 миллион теңгеге 8 жаңа өрт сөндіру көлігін иеленген. Жасыл желекті қалпына келтіру жұмыстары да жалғасуда. Биыл 31 гектар жерге 200 мыңнан астам ағаш көшеті егіліпті.

Табиғатты қорғаумен қатар, экологияны жақсарту, баламалы энергия көздерін енгізу мәселесі де назардан тыс қалмады. БҰҰ Даму бағдарламасының сарапшылары өздерінің экологиялық жобаларын таныстырды. Атап айтқанда, парк аумағындағы шекаралық пункттерге 10 күн электр станциясы орнатылған, 76 мыңнан астам үйеңкі мен қарағаш көшеті отырғызылып, 56 гектар жер қалпына келтірілген.

– Ұлттық парктерде күн энергетика-

сы мен заманауи технологияларды енгізуді жеделдетуіміз керек. Бұл табиғатқа түсетін қысымды азайтып қана қоймай, жергілікті халыққа қосымша мүмкіндіктер береді, – деді БҰҰДБ сарапшысы Айман Омарбекова.

Сонымен бірге, жиында су тапшылығы мәселесін шешудің тиімді жолы ретінде тамшылатып сугару жүйесінің енгізіліп жатқаны да айтылып, экологиялық ағартушылық бағдарламалар мен табиғат қорғау акцияларының да маңызы ерекше атап өтілді.

Бұдан бөлек, жекелеген табысты тәжірибелер де таныстырылды. Мысалы, «Kazakh National Parks» компаниясы еліміздің әр аймағында визит-орталықтар мен туристік инфрақұрылымды дамытып келеді. Компания өкілі Тілек Әділжановтың айтуынша, тек 2024 жылдың өзінде олардың туристік нысандарына 350 мыңнан астам адам келген. Бұл – Қазақстандағы ұлттық парктерге барлық

сапарлардың 12 пайызы. Компания 215 жаңа жұмыс орнын ашып, 8 миллиард теңгеден астам инвестиция тартқан.

– Ұйымдасқан туризм – бейберекет демалысқа қарағанда әлдеқайда тиімді. Визит-орталықтар, бақылау алаңдары мен экотропалар табиғатты сақтай отырып, туризмді дамытуға мүмкіндік береді, – деді Тілек Әділжанов.

Кездесу соңында Қарқаралы ұлттық паркі, өнеркәсіптік кәсіпорындар мен қоғамдық ұйымдар арасында ынтымақтастық туралы меморандумға қол қойылды. Құжатқа «Qarmet» АҚ, Atlant building компаниясы, «Табигат» экологиялық қауымдастығы және басқа да серіктестер қосылды.

Меморандум аясында тараптар экотуризмді дамыту, табиғатты қорғау жобаларын жүзеге асыру және қоғам арасында экологиялық сананы қалыптастыру бағытында бірлесіп жұмыс істейді.

• ӘЛЕУМЕТТІК ҚОЛДАУ

Ауыл дәмі қолжетімді бағада

Тауар бағасының үнемі құбылуы – нарықтық экономиканың заңдылығы. Алайда, тұрғындардың әлеуметтік әл-ауқатын баса назарда ұстау – жергілікті биліктің басты міндетінің бірі. Осы мақсатта Қарағанды қаласында арнайы әлеуметтік павильон ашылды. Мұнда Ақтоғай ауданының шаруалары өз өнімдерін тікелей ұсынатын болады. Яғни, бұл жоба ортадағы делдалсыз сауда жүргізу арқылы бағаны тұрақтандыруға бағытталған. Дүкеннің ашылуына байланысты сөрелерге тоннаға жуық ет қойылып, сатылымға шығарылды. Павильонның ашылуына Ақтоғай ауданының әкімі Абылай Аманжолов қатысып, бастаманың маңыздылығын атап өтті.

Ербөл ЕРБОЛАТ,
«Ortalyq Qazaqstan»

Аудан әкімі әлеуметтік дүкеннің ашылуы өңір халқы үшін маңызды әлеуметтік қадам екенін атап өтті.

– Бұл игі бастама облыс әкімі Ермағанбет Бөлекпаевтың тапсырмасына сәйкес жүзеге асырылып отыр. Аймақ басшысы әлеуметтік маңызы бар азықтүлік бағасының негізгісі өсуіне жол бермес үшін облыс орталығы мен аудандарда арнайы әлеуметтік дүкендер ашуды міндеттеген болатын. Осы тапсырма аясында Ақтоғай ауданында жаңадан құрылған «Сапа MIX» тұтыну кооперативінің ұйытқы болуымен әлеуметтік дүкен өз жұмысын бастады. Аталған павильон арқылы ақтоғайлық шаруа қожалықтары мен жеке қосалқы шаруашылық иелері табиғи, сапалы әрі экологиялық таза ауыл шаруашылығы өнімдерін қала тұрғындарына тікелей ұсынбақ. Делдалсыз сауда жүргізіп, сапалы тауарларды қолжетімі бағада ұсынатын боламыз, – деді Абылай Базылұлы.

Ал, сөз алған «Сапа MIX» ауыл шаруашылығы өндірістік коопера-

тивінің құрылтайшысы Марат Көкеев бастаманың маңыздылығына тоқталды.

– Бұл дүкеннің басты мақсаты – халықтың игілігіне қызмет ету. Ауыл еңбеккерлері өз өнімдерін ешқандай делдалсыз осында өткізе алады. Бұл – шаруалар үшін зор мүмкіндік. Дегенмен, бұл істің табысты болуы халықтың қолдауына тікелей байланысты. Егер тұрғындар осы дүкеннен тауар сатып алып, отандық өнімге сұраныс білдірсе ғана шаруалардың еңбегі өтеледі. Сондықтан, бәріміз жұдырықтай жұмылып, ауыл азаматтарының маңдай терін бағалауға тиіспіз, – деді Марат Көкеев.

Ауыл тұрғындары өз өнімдерін тікелей осы әлеуметтік дүкенге өткізе алады. Бұл – шаруалар үшін өнімін өткізудің қолайлы әрі сенімді жолы. Алайда, дүкеннің «әлеуметтік» мәртебесіне байланысты өнімдерді нарықтағы бағадан төмен қабылдайды екен. Мәселен, ет өнімдерін келісіне 50 немесе 100 теңгеге арзан алады. Десе де, бұл дүние қала тұрғындарына қолжетімді баға ұсыну мақсатында жасалған. Өнімді дүкен иелері қабылдап алғаннан кейін

сөрелерге арнайы бекітілген, яғни, әлеуметтік маңызы бар тұрақты бағамен саудалайды.

Жалпы, өңірдегі әлеуметтік маңызы бар азықтүлік өнімдерінің бағасы облыс әкімдігімен бекітілген. Сондықтан, әлеуметтік дүкендерде бұл шекті бағадан асырып сату заң бұзушылық болып саналады. Егер қандай да бір өнім белгіленген бағадан қымбатырақ саудаланса, жауапты тұлғаларға әкімшілік жаза қолданылады. Тиісті мекемелер тарапынан бағаға тұрақты мониторинг жүргізіледі.

Мәселен, сіз ірі қара малын сойып, етін сатқыңыз келді дейік. Бұрынғыдай тұтынушы іздеп, базар жағалап әуре болмайсыз. Етті осы әлеуметтік дүкенге әкелсеңіз, жеткілікті. Мұндағылар өніміңізді өлшеп, бекітілген бағаға сәйкес ақшаңызды қолма-қол санап береді. Дегенмен, кей жағдайда дүкен кассасында қаржы жетпей қалуы да мүмкін. Сондықтан, қосымша бір немесе екі күн мұғдарында күтуіңіз керек болады.

Әлеуметтік дүкен тек ет өнімдерін ғана емес, ауыл шаруашылығының басқа да өнімдерін қабылдайды. Атап айтсақ, көкөніс,



сүт өнімдері, жұмыртқа және өзге де табиғи өнімдер тізімде бар.


– Мысалы, дүкен сөрелерінде нанның бағасы – 130 теңге. Жана піскен нандар күн сайын әкелініп, сөреге қойылады. Біз бұл ретте жергілікті «Қарағанды Нан» зауытымен келісімге келдік. Зауыттан қандай бағамен жеткізілсе, дәл сол бағада, үстіне қосымша ақы қоспай халыққа ұсынып отырмыз. Қазіргі таңда зауытпен келісіп, 2 миллион дана нанды алдын ала сатып алғанбыз. Одан бөлек, дүкенде жұмыртқа бағасы да нарықтағы

бағадан төмен, яғни, данасына 45 теңгеден саудалануда. Қазіргі уақытта жұмыртқаның нарықтағы орташа бағасы 51 теңгені құрайды. Жалпы, жұмыртқа бағасы дәл осы маусымда қымбаттайды ғой. Соның алдын алу үшін біз Майқұдықтағы құс фабрикасымен форвардтық келісімшарт жасап, 7 миллион дана жұмыртқаны алдын ала сатып алдық. Көктемге дейін осы бағаны сақтап тұруды көздеп отырмыз. Бұл – бағаның күрт өсуінің алдын алуға бағытталған нақты шара, – деді Марат Көкеев.

Жалпы, әлеуметтік маңызы бар тауарлардың 19 түрі бар делік. Сол тауарлар жыл он екі ай бойы үкімет бекіткен шекті бағамен халыққа ұсынылады. Ал, әлеуметтік дүкеннің жалдау ақысы да жеңілдетілген шартпен берілген. Бұл да кәсіпкерлер үшін тиімді мүмкіндік. Алайда, дүкеннің күнделікті шығындары мен қызметкерлердің еңбекақысын өтеу үшін басқа да тауар түрлері қойылған. Бірақ, ол тауарлар нарықтық бағамен сатылады.

Суретті түсірген автор

Жасанды интеллект «жолға шықты»



(Соңы. Басы 1-бетте)

– Бағдарлама шетелдік сарапшылар тарапынан әзірленгенімен, Қазақстанның жолкөлік жағдайына толықтай бейімделген. Жүйені енгізу жұмысымен отандық IT-компания айналысты. Қазір оның барлық инфрақұрылымы – серверлер, бақылау құралдары мен басқару модульдері Қарағандыда орналасқан. Оған әрі қарай техникалық қызмет көрсетуді де өз мамандарымыз жүргізеді, – дейді бас маман.

Интеллектуалды көлік жүйесі қала көшелерінде көлік жүктемесін онлайн режимде бақылауға мүмкіндік береді. Бұл – қарбалас сағаттарда ең тығыз бағыттарға жасыл белгінің ұзақтығын көбейту арқылы кептелісті азайтуға сеп болады. Қазіргі таңда 206 бағдаршамның 60-ы «жасыл толқын» режимінде жұмыс істеп тұр. Бұл жүйе жүргізушілерге ұзақ қашықтықты тоқтаусыз жүріп өтуге көмектеседі. Осылайша, қозғалыс бірқалыпты болып, артық тежелулер мен қауіпті қозғалыстар азаяды.

Сонымен бірге, жаңа орнатылған бағдаршамдар детекторлармен де жабдықталған. Бұл детекторлардың операторларға жол қозғалысын үздіксіз бақылау және қажетті шешімді жедел қабылдау үшін көмегі мол.

Дерекке сүйенсек, интеллектуалды көлік жүйесі енгізілген соң, кері санақ таблолары алып тасталған.

– Бұл жаңалыққа көпшілік

түрлі көзқарас танытты. Бірақ, біз шешімді нақты талдау мен тәжірибе негізінде қабылдадық. Біріншіден, жасанды интеллект бағдаршамның жұмысын нақты уақытта өзгерте алады. Сол кезде таблодағы санақ көрсеткіштері дұрыс болмай қалуы мүмкін. Екіншіден, жүргізушілер соңғы секундтарды көріп, жылдамдықты азайтудың орнына үдетіп, үлгеріп өтіп кетуге тырысады. Бұл – жол апатына алып келуі ықтимал қауіпті үрдіс. Біз Шымкент, Астана мен Алматы тәжірибесін зерттеп, кері санақ таблоларын алып тастадық. Бұл қалаларда табло алынып тасталған соң, орташа жылдамдық төмендеп, апат саны азайды, – деп толықтырды Дастан Оспанов.

Интеллектуалды көлік жүйесі интернет байланысы болмаған жағдайда да жұмыс істей беретінін айта кету керек. Арнайы GSM-модульдер арқылы бағдаршамдарға берілген алгоритмдер автономды режимде іске қосылады. Бұл – үздіксіз жұмыс пен тұрақтылықты қамтамасыз ететін маңызды тетік.

Акцияның артықшылығы

Облыс аумағында 15-30 қыркүйек аралығында «Қауіпсіз жол» жедел алдын алу іс-шарасы өткізіліп жатыр. Аталған бастама – жол қозғалысы қатысушылары арасында тәртіпті нығайтып, апаттың алдын алу мақсатында қолға алынған маңызды қадам.

Облыстық полиция депар-

таментінің мәліметіне сүйенсек, акцияның алғашқы үш күнінде 2345 құқықбұзушылық тіркелген.

Нақтырақ айтсақ, 16 жүргізуші мас күйінде көлік басқарса, 44 жағдайда көлікті заңсыз қайта жабдықтаған. 292 маневр жасау ережесін бұзу тіркелсе, 354 жүргізуші қауіпсіздік белдігін таппаған. Бұдан бөлек, 204 жүргізуші көлік жүргізіп келе жатып телефонмен сөйлескен, 110 адам бағдаршамның тыйым салатын белгісіне пысқырмаған, 414 жаяу жүргінші жол қозғалысы ережесін бұзған.

Қарағанды облысы полиция департаменті бастығының орынбасары Жаскайрат Қайыров бұл көрсеткіштер тәртіпті қатаңдатудың маңыздылығын дәлелдейтінін атап өтті.

– Бүгінгі күні жолдағы қауіпсіздік полицияның ғана емес, бүкіл қоғамның ортақ мәселесіне айналып отыр. Көлікті мас күйінде басқару, жылдамдықты артыру немесе қарсы жолаққа шығу – қайғылы оқиғаларға әкелетін ең қауіпті құқықбұзушылықтар. Біз жүргізушілер мен жаяу жүргіншілердің жауапкершілігін арттыруға күш салудамыз. Жол ережесі – адам өмірін сақтауға бағытталған негізгі қағида. Әр азамат жолда жүру мәдениетін қалыптастыруға үлес қосуы тиіс, – деді Жаскайрат Қайыров.

Департамент бастығы орынбасарының айтуынша, бұл іс-шаралар жол қозғалысына қатысушылардың тәртібін бақылауға, заң бұзушылықтар-

ды азайтуға және апаттың алдын алуға бағытталған. Сонымен қатар, полиция қызметкерлері түсіндіру жұмыстарын да белсенді жүргізуде.

Тасжолдағы инновация

Елімізде алғаш рет «Астана-Теміртау» бағытындағы республикалық маңызы бар автожолда инновациялық лазерлік ескерту жүйесі пилоттық режимде іске қосылды. Құрылғы Ошағанды ауылы маңындағы 1402-шақырымда орнатылған.

Аталған жүйенің басты ерекшелігі – жол белгілері мен ескерту сигналдарын жүргізушінің тікелей көру алаңына ыңғайлау. Бұл әсіресе түнгі уақытта немесе көру шектеулі жағдайда көлік жүргізетіндер үшін аса маңызды.

«ҚазАвтоЖол» ұлттық компаниясы таратқан мәліметке сүйенсек, бұл жүйе жүргізушіні алаңдатпай, аяқасты қауіп туа қалса, уақытылы әрекет етіп үлгеру арқылы апаттардың алдын алуға арналып отыр.

«Шетелдік тәжірибе көрсеткендей, лазерлік ескерту жүйелері қолданыстағы жол белгілеріне қарағанда бірнеше есе тиімді. Жүргізушілер лазерлік сызықтарды көргенде жылдамырақ әрекет етеді. Мұндай жүйе енгізілген елдерде жол-көлік оқиғалары 40-50 пайызға дейін төмендеген», – делінген компания хабарламасында.

Егер жүйе тиімділігін дәлелдесе, болашақта оны еліміздің басқа да жол учаскелеріне енгізу жоспарлануда.

Жол қауіпсіздігі – мемлекеттің ғана емес, қоғамның да ортақ міндеті. Байқасақ, Қарағандыда енгізілген интеллектуалды көлік жүйесі, жол тәртібін күшейтуге арналған «Қауіпсіз жол» акциясы мен заманауи лазерлік технология – еліміздегі жол қозғалысын жақсартуға бағытталған нақты және нәтижелі қадамдар.

«Апат – аяқ астында». Сондықтан, жолдағы әр секунд, әр шешім маңызды. Сол себепті, жолда жүру ұқыптылықты, сабырлылықты, тәртіпті талап ететінін ұмытпаған жөн. Жол ережесін сақтау адам өміріне деген алаңдаушылықты аңғартады. Бұл құрмет – болашақ үшін, өзіміз бен жақындарымыз үшін ауадай қажет. Жол ережесі – өмір ережесінің бір бөлшегі екенін ұмытпайық!

«Қарағанды аймақтық энергетикалық компаниясы» ЖШС 2025 жылғы 10 қазаннан бастап электрмен жабдықтау қызметтерінің бағасы өзгеретінін тұтынушыларына хабарлайды.

Тұтынушылар тобы	Абай ауданы, Бұқар-жырау ауданы		Нұра ауданы, Осакаров ауданы		Қарқаралы ауданы	
	теңге 1 кВтс үшін КҚС-сыз	теңге 1 кВтс үшін КҚС-мен	теңге 1 кВтс үшін КҚС-сыз	теңге 1 кВтс үшін КҚС-мен	теңге 1 кВтс үшін КҚС-сыз	теңге 1 кВтс үшін КҚС-мен
Өздерінің тұрмыстық қажеттіліктері үшін электр энергиясын пайдаланатын жеке тұтынушылар	21,61	24,20	20,78	23,27	18,48	20,70
Электр энергиясын тұрмыстық емес қажеттіліктер үшін пайдаланатын тұтынушылар	36,84	41,26	34,93	39,12	28,89	32,36
Мемлекеттік бюджет есебінен қаржыландырылатын заңды тұлғалар	76,33	85,49	36,19	40,53	76,33	85,49
Әлеуметтік маңызы бар азықтүлік тауарларын өндіретін заңды ұйымдар	30,50	34,16	30,50	34,16	30,50	34,16

Нұра, Осакаров, Абай және Қарқаралы аудандары бойынша электр энергиясын бөлшек саудада өткізу қызметтеріне арналған шекті баға деңгейіне дейін жобаланған бағаны төмендету туралы 2025 жылғы 1 қазандағы № 35-03-07/1176-И уәжелген қорытынды

ТОО «Қарагандинская региональная энергетическая компания» уведомляет своих потребителей об изменении цены на услуги электроснабжения с 10 октября 2025 года.

Группы потребителей	Абайский район, Бухар-жырау-ский район		Нуринский район, Осакаров-ский район		Қарқаралин-ский район	
	теңге за 1 кВт/ч без НДС	теңге за 1 кВт/ч с НДС	теңге за 1 кВт/ч без НДС	теңге за 1 кВт/ч с НДС	теңге за 1 кВт/ч без НДС	теңге за 1 кВт/ч с НДС
Бытовые потребители, использующие электрическую энергию для собственных бытовых нужд	21,61	24,20	20,78	23,27	18,48	20,70
Потребители, использующие электрическую энергию не для бытовых нужд	36,84	41,26	34,93	39,12	28,89	32,36
Юридические лица, финансируемые из государственного бюджета	76,33	85,49	36,19	40,53	76,33	85,49
Юридические организации, производящие социально-значимые продовольственные товары	30,50	34,16	30,50	34,16	30,50	34,16

Основание: Мотивированное заключение о снижении проектируемой цены до уровня предельной цены на услуги розничной реализации электрической энергии по Нуринскому, Осакаровскому, Абайскому и Карқаралинскому районам Карагандинской области № 35-03-07/1176-И от 01.10.2025г.

№186

Қарағанды облысының білім басқармасының ұжымы Қарағанды техника-құрылыс колледжінің директоры Әсел Сағынбайқызы Сапароваға анасы

Рая Төлеубекқызы БОСТЫБАЕВАНЫҢ

өмірден өтуіне байланысты отбасы мен туған-туыстарының қайғысына ортақтасып көңіл айтады.

Аяулы ана, асыл әже Рая Төлеубекқызы парасаттылығымен, кішіпейілділігімен, ұстамды мінезімен, мейірімділік және еңбекқорлық қасиеттерімен отбасының ұйытқысы болған жан.

Марқұмның жатқан жері жайлы, иманы жолдас болсын!

№363

Академик Е.А.Бөкетов атындағы Қарағанды ұлттық зерттеу университетінің ұжымы Әлеуметтік мәселелер және жастар саясаты департаментінің директоры Сағыныш Мұбаракқызына анасы

Мереке Ғалықызы ҚЫДЫРБАЕВАНЫҢ

дүниеден өтуіне байланысты қайғысына ортақтасып, көңіл айтады.

д

• БӘРЕКЕЛДІ!

Көшпенділер рухын жаңғыртқан жұбайлар

Қытайдың Шыңжаң өлкесінен шыққан Қуанбек Түсіпханұлы мен Жайна Еркінқызы 8 тамызда Тарбағатайдан атқа мініп, Астанаға бағыт алған үлкен сапарының 55-ші күнінде Гүлшат кентіне жетті. Оларды кент әкімі Азамат Саданов бастаған ауыл тұрғындары ақ дастархан жайып, ұлттық дәстүрмен қарсы алды.



Нұрдос КӘРІМ, «Ortalyq Qazaqstan»

Қос жұптың бұл сапары кездейсоқ емес. Олар – ұлт мәдениетін ұлықтап, көшпенді болмысты қайта жаңғыртуды мақсат еткен жандар. Жайна Еркінқызының айтуынша, бұл саяхат – қазақтың рухани тамырын тірілту жолындағы бірегей сапар. Олардың айтуынша, Қорғас шекарасынан Гүлшат кентіне дейінгі аралық шамамен 900 шақырымды құраған. Шекара асқанда өз аттарын Қытайда қалдыруға мәжбүр болып, Қазақстан аумағында басқа сәйгүліктерге мінген.

– Бұл сапар – бір сәттік шешім емес, көп жылдық арманымыз еді. Қазақтың рухын ат үстінде сезінгіміз келді. Әр атқан таң – ұлттық санаға тағзым. Басты мақсатымыз – Астананың төріне жетіп, ата-бабамыздың ізі қалған Арканың жеріне тағзым ету, – дейді Жайна Еркінқызы. Жол бойы ұлттық киіммен жүріп, ауыл-ауылды аралап, жергілікті тұрғындармен тығыз байланыс орнатуда. Ат үстінде талай қиындықты еңсергендерін айта келе, олар: «Жол ауыр, бірақ рухымыз биік. Төзімділікпен бәрін еңсеріп келеміз», – дейді. Айта кетейік, олар бұған дейін де

осындай ауқымды сапарларға шыққан. 2021 жылы Тарбағатайдан Бейжіңге дейінгі 4 000 шақырым жолды 99 күнде жүріп өткен. Сонымен қатар, Қытайда өткен 500 шақырымдық марафонға қатысып, Қуанбек Түсіпханұлының «Баққоңыр» атты тұлпары I орын иеленсе, Жайна Еркінқызы мінген тұлпар 80 аттың ішінен VI орыннан көрінген. Ерлі-зайыпты Қуанбек пен Жайна 12 жыл бұрын отбасын құрған, қос ұл тәрбиелеп отыр. Жайна ханым Шыңжаңдағы Сауан ауданына қарасты Болтунгу (Кенаген) ауылынан шыққанын айтады. Гүлшаттан кейін олар Балқаш қаласына қарай бет алмақ. Жолдағы ауылдардың қонақжайлығы, ақ тілектері ерлі-зайыптының рухын бекемдей түскен. Тасарал халқына ризашылығын да жеткізді. – Гүлшат жұрты ерекше ықылас танытты. Әсіресе, әкім Азамат ағамызға, орынбасары Қайрат ағаға, үй иелері Мыңжасар аға мен Қадырқұл жеңгемізге айрықша алғысымызды білдіреміз, – деді Қуанбек Түсіпханұлы. Олар сондай-ақ, Астанаға аман-есен жеткен соң, сапар барысында мінген көк тұлпарын Қазақстан Президенті Қасым-Жомарт Тоқаевқа тарту еткісі келетін ниетін де жасырмады. – Жол бойы тілеулес болып, қолдау көрсеткен барша ағайынға алғысымыз шексіз. Бұл – бір отбасының емес, тұтас ұлттың сапары деп білемін. Сонымен қатар, бізді қолдап жолға шыққан Ғалия жеңгемізге, Қастер мен Назым бауырларыма алғыс айтамын, – дейді Жайна ханым. БАЛҚАШ Суретті түсірген автор

• ЖӘДІГЕР

Кесенелердің келбеті жаңарады

Тарихи кесене – көне тарихтан сыр шертетін мәдени мұра. Олардың қалпын бұзбай, келешек ұрпаққа аманаттап сақтау – бүгінгі буынның борышы. Облыс әкімдігінің баспасөз қызметінің мәліметіне сүйенсек, сол мақсатта биыл өңірде бес тарихи кесене қайта қалпына келтірілуде.



Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН, «Ortalyq Qazaqstan»

Саран қаласының маңындағы Игілік би мазары бүгінде толық абаттандырылды. Қалпына келтіру барысында кесене қабырғалары бекітіліп, айналасы ретке келтірілген. – Кесенелерді қайта қалпына келтіріп, көмкеру арқылы тарихи шежіремен етене таныса аламыз. Көптеген мазарлар шалғайда болғандықтан, оларға жету машақат тудырады. Ал, Игілік би кесенесі қала іргесінде орналасқандықтан келушілерге қолайлы, – дейді мәдениет, архивтер және құжаттама басқармасының Тарихи-мәдени мұраны сақтау орталығының бас инспекторы Жанболат Мәжитов. Бүгінде өңірдің тағы төрт мәдени нысанында жаңғырту жұмыстары жүріп жатыр. Соның ішінде, шұғылалы Шет ауданындағы Олжадәулен мен Баубек батыр мазарлары айрықша назар аудар-

тады. Бұл жерлерде абаттандыру жұмыстары жүйелі түрде жүргізілуде. Ақтоғай ауданындағы Асылбек қорымы мен Нұра ауданындағы Шонжар мазары да назардан тыс қалмады. Мұнда консервациялық және реставрациялық жұмыстарды қазан айының соңына дейін аяқтау жоспарланған. – Қажет жерлерде қабырғаларды қалпына келтіріп, мал кіріп кетпес үшін қоршаулар орнатамыз. Бұл, бір жағынан, ескерткішті қорғауға сеп болса, екінші жағынан, туристер үшін тартымды етеді, – дейді Жанболат Мәжитов. Бабалар рухының мұрагері болған кесенелерді жаңғырту ісі мұнымен шектелмейді. Алдағы уақытта да аймақ үшін маңызды өзге де қорымдар мен кесенелерді қалпына келтіру көзделген.

Сурет облыс әкімдігінің сайтынан

• ТЕННИС

Қытайдан қоламен оралды

Қарағандылық жас спортшы Алан Құрманғалиев Қытайдың Бейжің қаласында өткен беделді China Youth Smash халықаралық турнирінде қола жүлдеге ие болып, өзінің жеңістер тізімін тағы бір табыспен толықтырды.



Жамал СОВЕТҚЫЗЫ, «Ortalyq Qazaqstan»

Жарысқа 19 жасқа дейінгі жасөспірімдер арасындағы әлем мен Азияның үздік теннисшілері қатысты. Алан Сингапур, Корея және Қытай елдерінің мықты, әрі тәжірибелі қарсыластарына қарсы ойында да жоғары шеберлігін көрсетті. Ширек финалда ол қытайлық Әлем чемпионы Ли Хэчэнді 4:3 есебімен жеңсе, жартылай финалда қарсыла-сы – екі дүркін Әлем чемпионы Вэн Жуйбомен кездесіп, тартысты матчта турнирді қола жүлдемен аяқтады.

Мамандар мен жанкүйерлер оның табандылығы мен техникалық дайындығын жоғары бағалауда. Қарағанды облысының дене шынықтыру және спорт басқармасы хабарлағандай, 11-15 қазан аралығында Үндістанның Бхубанешвар қаласында өтетін 28-ші Азия чемпионатына Қазақстан құрамасы қатысатын болады. Сол құрамда төрт қарағандылық теннисші – Алан Құрманғалиев, Зәуреш Акашева, Жанерке Қошқұлбаева және Альбина Жақсылықова ел намысын қорғайды.

Сурет Қазақстан үстел теннис федерациясынан

• ФУТБОЛ

«Тараздан» есе қайтарды

Футболдан Қазақстан бірінші лига ойындарының аяқталуына екі ойын ғана қалды. Ал, қарағандылық «Шахтер» болса турнирлік кестеде 50 ұпаймен IV орында тұр. Өткен жолы жерлестер өз алаңында «Тараз» клубын қабылдап, 2:0 есебімен жеңіске жетті. Десе де, жерлестер соңғы ойындарды өз пайдасына шешкенімен турнирлік кестеде көтеріле алмай тұр.

«Шахтер» «Таразға» қарсы алғашқы ойынды сырт алаңда ойнаған болатын. Өкінішке қарай 0:4 есебімен жеңіліп қалған. Бұл жолы жерлестер сәтсіздікті айналып өтіп, жеңіс туын желбіретті. Ойынның бірінші айналымында есеп ашылмады. Тек, бас төреші алаң қожайындары сапынан Айдос Таттыбаев пен қарсыластар сапынан Мирас Жаксымбетовті «сары қағазбен» жазалады. Ал, екінші таймда алаң иелері ойыншыларды ауыстырып, тактикалық тұрғыда өзгеріс енгізеді. 46-минутта қос шабуылшы Сұлтан Шымырхан мен Айдос Таттыбаевтың ор-



нын алмастырады. Олардың орнына қорғаушы Әлихан Исраилов пен шабуылшы Арман Нүсіп ойынға қосылып, барынша шабуылға ден қояды. 51-минутта Аңсар Алтынхан

• АРАЛАС ЖЕКПЕ-ЖЕК

Егордың еншісінде күміс жүлде

Грузияның Тбилиси қаласында жастар мен ересектер арасында аралас жекпе-жек-тен әлем чемпионаты өткен болатын. Аталған турнирде бақ сынаған 18 жастағы жерлесіміз Егор Желтов елге күміс медальмен оралды.

Ербол ЕРБОЛАТ, «Ortalyq Qazaqstan»

Чемпионатқа әлемнің түпкір-түпкірінен 750-ден астам спортшы қатысқан. 18 жастағы спортшы жергілікті Yermolayev team MMA клубының атынан бақ сынапты. Бұл чемпионатқа өзінің жеке бапкері Дмитрий Ермолаев апарған. Айта кетейік, Егор Желтов – жасөспірімдер арасындағы үш дүркін ел чемпионы. Жасөспірімдер арасындағы екі дүркін Азия чемпионы. Сонымен қатар, жастар арасындағы әлем чемпионатының қола жүлдегері. Былтырғы әлем чемпиона-

тында жерлесіміздің қоржынына қола медаль түссе, биыл күміспен толықты. Турнир қорытындысы бойынша ел атынан сынға түскен спортшылар екі алтын, бір күміс және тоғыз қола жүлде еншілеп, жалпыкомандалық есепте II орын иеленді. Көш басында – ағылшындар. Төрт алтын, бір күміс және төрт қола жүлдемен I орынға шықты. Ал, үздік үштікті екі алтын, үш қола медальмен Украина спортшылары түйіндеді.

Сурет спортының жеке мұрағатынан



ORTALYQ QAZAQSTAN Қарағанды облыстық қоғамдық-саяси газет Құрылтайшысы: облыс әкімдігі МЕНШІК ИЕСІ: «Saryarqa Aqparat» ЖШС Директор Қайрат Жүнісұлы ӘБІЛДА Директордың орынбасары Оксана Вячеславовна МЯГКИХ Директордың орынбасары Ғалия Боранқұлқызы БАСТЕНОВА Бас редактор Е.К. МҰСАБЕК Бас редактордың орынбасары Қ.А. АЙТЖАН Сайт редакторы А.Ә. СОВЕТ Жауапты хатшы С.Б. ПЛИЯШ	Телефондар: Бас редактор: 43-38-53 Бас редактордың орынбасары: 43-58-08 Интернет-редакция редакторы: 43-38-33 Жауапты хатшы: 43-49-72 Жарнама, факс: 43-57-82, 43-21-55; Меншікті тілшілер: Ақтоғай, Шет, Балқаш, Приозерск: 8-702-293-13-70 Қарқаралы, Нұра, Осакаров: 8-702-216-73-50 Теміртау, Саран, Шахтинск, Абай, Бұқар жырау: 8-775-189-33-19	- Жарияланған мақала авторларының пікірлері редакция көзқарасын білдірмейді. - Жарнамалар мен хабарландырулардың мазмұнына жарнама беруші жауап береді. - Газетте жарияланған материалдарды сілтемесіз көшіріп басуға болмайды. - Материалдың жариялану ақысы төленген Газет Қазақстан Республикасы Ақпарат және Қоғамдық даму министрлігінің Ақпарат комитетінде қайта тіркеуден өтіп, 2020 жылғы 15 желтоқсанда № KZ18VPY00030163 күнелігі берілді. Газет иесіне, бейсенбі, сенбі күндері шығады. Мекенжайымыз: 100009, Қарағанды қ., Әлімхан Ермеков көшесі, №33 үй. Электрондық пошта: ortalyk.kz@gmail.com; ortalyk.kaz@mail.ru Жарнама бөлімі: ortalyk.reklama@mail.ru	Газет жеткізілмесе 41-26-82, 43-57-88 телефонына хабарласыңыздар. «БанкЦентрКредит» АҚ ҚФ Есеп-шот: kz50826MOKZTD2003131, БИК KСJBKZXX БИН 000840001412 Тарапымыз 3 512 №110 тапсырыс. Индекс 65484 Офсеттік басылым. Көлемі 2 баспа табақ. Бағасы келісім бойынша «Типография Арко» ЖШС баспаханасында басылды. Қарағанды қ., Сәтбаев к., 15. Газеттің компьютерлік орталығында теріліп, беттелген. Кезекші редактор Мағжан ҚҰДАЙБЕРГЕН
---	---	---	---